



АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ
АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Шәкәрім университеті «**SHAKARIM FORUM: тың идея, жаңа қадам**» форумы аясында 2023 жылдың 29 қыркүйекте Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған «**ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ – 2023**» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына шақырады.

Конференцияның негізгі мақсаты ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына арналған жаңа мазмұндағы тың зерттеулерді ғылыми айналымға енгізу, шәкәрімтанудың жаңа парақтарын ашу.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- 1-секция.** Шәкәрімтану және әдеби интеграциялық процесс.
- 2-секция.** Шәкәрімтану және тіл білімінің қазіргі зерттеу парадигмалары.
- 3-секция.** Шәкәрімтану және тарих, философия, мәдениет мәселелері.
- 4-секция.** Шәкәрімтану және білім берудегі инновациялық ізденістер.

Конференция жұмысына қатысуға ғалымдар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және колледж, мектеп мұғалімдері шақырылады.

Конференция жұмысының тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға қатысу үшін **2023 жылдың 23 қыркүйегіне дейін** ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды өткізу керек:

- белгіленген үлгі бойынша қатысуға өтінім;
- талаптарға сәйкес рәсімделген баяндама.

Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасы: **shakarimtanu.semey@mail.ru**.

Конференция материалдары электронды жинақта жарияланады.

БАЯНДАМАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУДІҢ ТАЛАПТАРЫ

1. Басылымда бұрын жарық көрмеген, бір автор атынан бір баяндамадан артық емес баяндама қабылданады.
2. Баяндаманың көлемі әдебиеттер тізімін қосқанда 5 беттен (А4 форматы) аспауы тиіс. Беттер нөмірленбейді.
3. Жоғарғы шегі – 2 см, төменгі – 2 см, оң жағы – 1,5 см, сол жағы – 3 см.
4. Шрифт: Times New Roman, кегль – 12. Қатараралық интервал – 1,0, азат жол – 10 мм.
5. Беттің сол жағынан ГТАХР коды жазылады (Ғылыми техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы. Мақалаға ГТАХР кодын мына сайттан ала аласыз: WWW.GRNTI.RU).
6. Бірінші жолға баяндама тақырыбы БАС ӘРІПТЕРМЕН, қою шрифпен жазылады, бір интервал төмен парақтың ортасынан автор(лар)дың тегі, аты-жөні, лауазымы, ғылыми атағы курсивпен жазылады, бір интервалдан кейін қала мен жұмыс орны, электрондық адресі көрсетіледі.
7. Негізгі мәтін екі интервалдан кейін жаңа жолдан басталады. Баяндаманың соңына әдебиеттер тізімі беріледі. Сілтеме тік жақшаға алынып, қайталанған жағдайда реттік нөміріне сай пайдаланылған әдебиеттің беті көрсетіледі. Мысалы: [7, 3 б.].
8. Рефераттық сипаттағы баяндамалар қабылданбайды.
9. Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына немесе қойылған талаптарға сәйкес келмейтін материалдарды қабылдамауға құқылы.

Тезисті рәсімдеу үлгісі:

ҒТАХР:

ШӘКӘРІМНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Исатай А., ф.ғ.к., доцент

ҚР, Семей қ., Шәкәрім университеті, issatai.a@mail.ru

Мәтін.....

Әдебиет

Конференция координаторлары:

Гүлдерайым Сағындыққызы, магистр, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі, +7-775-103-05-33

Смағұлова Ақмарал Төлеуғазықызы, ф.ғ.к., «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның жетекші ғылыми қызметкері, +7-708-538-59-49

«Шәкәрім оқулары – 2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысушының өтінімі

Тегі, аты, әкесінің аты	
Лауазымы, ғылыми дәрежесі мен атағы	
Мекеме	
Байланыс телефоны	
E-mail	
Баяндама атауы	
Секция атауы	
Конференцияға қатысуы (онлайн, оффлайн)	